

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
респубикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
Респубикалық мемлекеттік
мекемесі

ЛАУАЗЫМДЫҚ
НҰСҚАУЛЫҚ

28. 08. 2021

дата

Алматы қ.

Республиканскоe государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсейтовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ДОЛЖНОСТНАЯ
ИНСТРУКЦИЯ

№ 29

г. Алматы

Бекітімін:
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
респубикалық
мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты» РММ
Директоры





Абдрашев Б.Т.
2021ж. «28» 08

ДӘРІГЕР

Өзірлеген:

Мектеп дәрігері		Бекмурзаева З.Т.	<u>28. 08. 2021</u>
Диктордың оку жөніндегі орынбасары		Мусрепова М.С.	<u>28. 08. 2021</u>

Келісілген:

Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	<u>28. 08. 2021</u>
Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары		Ахметова С.Н.	<u>28. 08. 2021</u>
Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кенестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	<u>28. 08. 2021</u>
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	<u>28. 08. 2021</u>
Зангер		Болсамбеков Н.А.	<u>28. 08. 2021</u>
Лауазымы	Колы	Аты-жөні	Күні

МАЗМУНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ.....	4
4. ҚҰҚЫҚТАРЫ	8
5. ЖАУАПКЕРШЛІК	8
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ	9
ТАНЫСУ ПАРАФЫ	10

Лауазымдық нұсқаулық	Дәрігер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	10-нан 2 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, «Білім беру үйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 және «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрықтары негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музикалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп) дәрігерінің (бұдан әрі – Мектеп дәрігері) қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Мектеп дәрігері Мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады.

4. Мектеп дәрігері өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

1) Денсаулық сақтау, санитария және гигиена мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заннамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік күжаттаманы;

2) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік күжаттарды, Медициналық қызмет көрсету туралы ережені;

3) Жоғары тұрган органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;

4) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Мектеп дәрігерінің лауазымына «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білімі; денсаулық сақтау саласындағы сәйкесті мамандық бойынша маман сертификаты бар адам тағайындалады.

2. Мектеп дәрігері төмендегілерді білуге міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;

2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;

3) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексін;

4) Бала құқығы туралы Конвенцияны;

5) Қазақстан Республикасының «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы»;

Лауазымдық нұсқаулық	Дәрігер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	10-нан 3 бет

- 6) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медциналық көмек көрсету қагидаларын;
- 7) халықты емдеу-профилактикалық, жедел медициналық көмекті, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру негіздерін;
- 8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау; өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қагидалар мен нормалар;
- 9) балалардың денсаулық жағдайын сипаттайтын статистикалық критерийлер мен көрсеткіштер;
- 10) шетелдік және отандық медицинаның заманауи ғылыми жетістіктері, санитарлық агартуды ұйымдастыру, халықты гигиеналық тәрбиелеу және салауатты өмір салтын насхаттау;
- 11) аурулардың халықаралық және отандық жіктелу негіздері;

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Мектеп дәрігері:

1. Білім алушылардың және интернат тәрбиеленушілерінің денсаулықтарын сақтау және нығайту, олардың арасында сырқаттанушылықты азайту, профилактикалық екпе жасауды, профилактикалық тексерулерді ұйымдастыру және тіркелген МСАК ұйымы бойынша уақытында диспансеризациялауды бақылау бойынша шараларды жыл сайын жоспарлап қамтамасыз етеді.
2. Мектеп-интернаттың санитарлық-гигиеналық жағдайын, сабак оқытын және музыкалық дайындық жүргізітін кластар, жататын бөлмелер мен басқа да бөлмелердің тазалығын үнемі бақылауда ұстайды, эпидемияларға карсы шараларды жүзеге асырады, дезинфекциялық тәртіптің орындалуын қадағалайды. Дәрігерлік және егу кабинеттерінің, оқшаулау бөлмесінің талаптарға сай тазалығын сактайтын, кажетті күжаттарының колда болуын, сонымен бірге керекті қурал-жабдықтарының болуын қамтамасыз етеді. Дезинфекциялық режимді қамтамасыз етеді.
3. Мектеп окушыларының денсаулық жағдайын, тәни және нерв-психикалық дамуын қадағалау мақсатында МСАК ұйымының мамандары Мектеп аумағына келүмен және (немесе) денсаулық сақтау ұйымы базасында білім алушыларды жыл сайынғы қарап тексерулер өткізеді. Балалардың денсаулық жағдайында қандай да бір ауытқылар анықталғанда оларды тұрғылықты жері бойынша аумақтық емханаларға терендептілген толық зерттеулер мен диспансеризация өткізуге жібереді, осы іс-шаралардың орындалуын ұйымдастырылған балалық шақ бөлімінің қызметкерлері бақылайды.
4. Белгіленген мерзімде окушыларға диспансеризация, жоспарлы және жоспардан тыс профилактикалық тексерулер жүргізеді, олардың денсаулықтарының жағдайларына талдау жүргізіп, қосымша тексеру

Лауазымдық нұсқаулық	Дәрігер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	10-нан 4 бет

жасауға, аурудың алдын алуға бағытталған кездесулерге арнағы мамандарды шақырады. Балалардың денсаулына сәйкес диеталық тاماқтану ұсынады.

5. Окушыларға амбулаторлық қабылдау жүргізеді, қажетті кезде бірінші медициналық дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді, науқас балаларды есепке алады. Балалардың арасында инфекциялық ауруларға, саңырауқұлакты және паразиттік ауруларды анықтайды, ай сайын балаларды қышыма, биттеу, тері ауруларын жүқтүруды болдырмау үшін тексереді (ауру адамдармен байланыста болған балаларды бақылайды). Балаларға бактериялық тексеру үйымдастырылады (ішек құрт жұмыртқаларына тексеру). Білім алушылар, тәрбиленушілер немесе персоналдың арасында инфекциялық аурулар тіркелген кезде, сондай-ақ профилактикалық мақсатта санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық шаралар жүргізу жұмысын үйымдастырыады.

6. Сынып жетекшілері арқылы Мектептің білім алушыларының ата-аналарынан (занды өкілдерінен) вакцинациялауга немесе жоспарлы түрде басқа да медициналық қызмет түрлерін жүргізуге келісім немесе бас тарту алу үшін алдағы медициналық қарап тексерулер, вакцинация мен екпелер туралы хабардар етеді. Вакцинациядан бас тарту баланың денсаулық картасында көрсетіледі.

7. Мектептің білім алушыларының тиісті контингентін жоспарлы түрде, маусымдық немесе эпидемиялық көрсетімдер бойынша вакцинациялауды қамтамасыз етеді. Вакцинация алдында балаларды дәрігердің қарауын өткізеді, окушыларды вакцинациялау мерзімдеріне жауап береді, егілген препараттарға аллергия реакцияларын дер кезінде анықтайды. Имунопрофилактика жүргізеді.

8. Білім алушыларға, педагогтер құрамына және техникалық персоналға жіті аурулар кезінде және созылмалы аурулар асқынған жағдайда, жаракаттар алған кезде шұғыл медициналық көмек көрсету (дәрігерге дейінгі жедел көмек, аумақтық емханага жолдама беру, «шұғыл» көмек бригадасын шақыру) жұмысын үйымдастырады.

9. Кешенді жұмыс жоспарына сәйкес туберкулездің алдын алу бойынша іс-шараларды үйымдастырады. Декретtelген жастағы балаларға және БЦЖ ревакцинациясы алдында туберкулездық сынамалар қойюды үйымдастырады, 15 жастан асқан балаларды флюорографиялық зертеп тексеруге жібереді. Қажет болған жағдайда балаларды толық тексеруге балалар фтизиатрына жібереді.

10. Талаптарға сәйкес тізбе бойынша мектеп-интернаттың дәрігерлік құжаттарын, сонымен қатар басқа да қызметтік құжаттарды ресімдейді (денсаулық журналдары, сыныптың денсаулық журналдарын, жаракаттар журналын және т.б.)

11. Медициналық бақылау органдарына, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік ұйымның

аумактық бөлімшелеріне есептер мен басқа да құжаттаманы сырқаттанушылық, профилактикалық медициналық қарап тексерулер өткізу туралы ақпаратты жібереді, балалар емханалары мен емдеу мекемелерімен ынтымақтастық құрады.

12. Арнайы тізім бойынша кажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етеді, дәрі-дәрмектердің, тану материалдары мен құралдарының жұмысалуын есепке алады.

13. Қызметкерлердің жыл сайынды міндettі дәрігерлік тексеруден өтуін, олардың жұмысқа кірісуге рұқсаттарын алуын ұйымдастырады. Мектеп-интернат оқушыларының денсаулық паспорттары мен егулер карталарын талаптарға сай жүргізіп, оларға тиісті жазуларды дер кезінде енгізеді.

14. Музыкаға дарынды білім алушылардың денсаулығы мен даму ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жеке және дифференциалды тәсіл ұйымдастыруға педагогтерге көмек көрсетеді, медициналық-педагогикалық коррекцияға және балалардың оку процессіне нәтижелі бейімделуі бойынша ұсынымдар береді, психикалық және эмоционалдық саламаттыққа талпындыратын дағдыларға үйретуге үлес косады, қауіп-қатердің мінезд-құлықтық факторларын (темекі тартуды, нашақорлықты, токсикоманияны, алкоголизмді) азайтуға және Мектептің білім алушылары арасында суицид бойынша қауіп-қатер топтарын мектеп психологімен бірлесіп анықтауга қатысады.

15. Оқушылармен, қызметкерлермен және ата-аналармен емдік-профилактикалық, санитарлық-гигиеналық, агарту жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді, салауатты өмір салтын сақтау шараларын жүргізеді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтарының мамандарымен бірлесіп педагогикалық кеңестерде, сынып сағаттарында жалпы және ата-аналар жиналыстарында ата-аналардың, білім алушылардың, тәрбиленушілердің, тәрбиешілердің және педагогтердің арасында салауатты өмір салтын насиҳаттау саласында сауаттылықты және ақпараттандыруды арттыру бойынша іс-шаралар жүргізеді.

16. Оку процессін және оқытудың қауіпсіз жағдайларын ұйымдастыруға, Мектеп-интернатта санитарлық-эпидемиологиялық режим сақтауға қатысады; оқушыларды оқыту және тәрбиелеудің гигиеналық жағдайларына медициналық бақылауды жүзеге асырады; Мектептің сыныптары үй-жайларының микроклиматын және білім алушылардың антропометриялық деректерін бағалау мен бақылау жүргізеді.

17. Окуға тұсу емтихандары кезеңінде мектепке түсушілердің денсаулығы туралы құжаттары болуын, балалар денсаулығының мамандандырылған музыкалық мектепте білім алуға жарамдылығын бақылайды. Музыкаға дарынды балалардың дұрыс физиологиялық дамуы

Лауазымдық нұсқаулық	Дәрігер	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ	10-нан 6 бет	

мақсатында медициналық мәселелер бойынша зерттеп, ұсынымдар мен ұсыныстар береді.

18. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезенде «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды жүзеге асырады.

19. Ұтымды және қауіпсіз тамақтануды қамтамасыз етеді, тамақтанудың сапасына медициналық бақылау жүргізеді, балалардың тәулік бойы болуын ескере отырып, тамақтану режимі, оның ішінде диеталық режим сакталуын бақылайды, мектеп-интернаттын асханаында және буфетінде дайын тамақтың сапасын тексереді, дұрыс тамақтану мәселелері бойынша консультация береді.

20. Мектептің медициналық персоналының біліктілік арттыру курсарынша окудан өтуін және мерзімін бақылайды.

21. Мектептің білім алушыларының денсаулығына шағымдануына мән бермеу фактілеріне жол бермейді. Қажет болғанда Мектептің, денсаулық сақтау ұйымының басшылығына тиісті ұсыныстар береді.

22. Өз денсаулықтарын бағалау және оған көзкарасын қалыптастыру кезінде қосымша ақпарат алу және білім алушылардың белсенділігін арттыру мақсатында олардың денсаулық жағдайы туралы сауалнама жүргізуді ұйымдастырады; білім алушыларды ауыз қуысының гигиенасы ережелеріне үйретеді, білім алушыларға немесе олардың ата-аналарына тіс дәрігеріне қаралу қажеттігі туралы айтады.

23. Жоспарлы қарап тексерулердің нәтижелері бойынша дene шынықтырумен шүғылдану үшін медициналық топтарға бөлінуін нақтылай отырып, білім алушылардың жыл сайынғы тізімін әзірлейді. Дене шынықтыру сабактарына, сондай-ақ мектеп окушыларының тәни дамуына медициналық бақылау жүргізеді. Сабактар барысында көзге арналған жаттығулар, білім алушылардың локальды шаршауын басу бойынша сергіту сәттерін өткізу бойынша ұсынымдар береді және бақылау жүргізеді

24. Отбасындағы ересек адамдардың тарапынан немесе мектепте көрсетілген зорлық-зомбылықтың кесірінен денсаулыққа закым келуге күдік туган кезде орын алған жағдайың анық-қанығына көз жеткізгенге дейін және одан кейін де іс-әрекет ету және қолдау шараларын қабылдайды. Мұндай жағдайда емдеу-профилактикалық көмек көрсетеді, медициналық оналтуды ұйымдастырады, қажет болған кезде ішкі істер органдарына хабарлайды.

25. Жазатайым оқигаларды болдырмау мақсатында белгілі жағдайлардағы мінез-құлық көрсету бойынша тақырыптық әнгімелесулер және нұсқамалар жүргізуді ұйымдастырады; Салауатты өмір салты мәселелері бойынша білім алушылармен, мұғалімдермен және ата-аналармен ақпаратты-түсіндіру жұмысын жүргізеді.

Лауазымдық нұсқаулық	Дәрігер	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ	10-нан 7 бет	

26. Дәрігерлік этика мен деонтология принциптерін ұстанады.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Мектеп дәрігерінің мынадай құқықтары бар:
 - 1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
 - 2) өзінің кәсіби және медициналық пунктінің қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;
 - 3) медициналық пункт жұмыскерлерінің кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
 - 4) Мектептің медициналық пункті қызметкерлерінің жұмысын жетілдіру бойынша басшылықтың қаруына ұсыныстар енгізуге;
 - 5) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін, Мектептің медициналық пунктіне жүктелген міндеттерді орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;
 - 6) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектептің медициналық-профилактикалық, санитарлық-эпидемиологиялық жұмысын және санитарлық нормалар мен қағидаларды орындауға байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;
 - 7) Мектептің медициналық қызметкерлерін көтермелеген бойынша ұсыныстар енгізуге;
 - 8) окушылардың, педагогтердің және Мектептің басқа да қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті, санитарлық-эпидемиологиялық сипаттағы шешімдер қабылдауға;
 - 9) өз күзыреті шегінде Мектеп мұдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;
2. Дәрігердің Қазақстан Республикасының Конституциясында, Еңбек Кодексінде, Мектептің Медициналық қызмет көрсету туралы ережесінде, Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында көзделген құқықтары бар.

5. ЖАУАПКЕРИШЛІК

1. Дәрігер Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:
 - 1) өз міндеттерін тиісінше орындағаны үшін;
 - 2) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;
 - 3) жоспарлы жұмыстар мен тапсырмаларды орындағаны үшін;
 - 4) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, дәрігерлік этиканы, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;
 - 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

Лауазымдық нұсқаулық	Дәрігер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	10-нан 8 бет

2. Қазақстан Республикасының енбек заңнамасында белгіленген тәртіпте дәрігер қызметтік құпияны сактау үшін жауапты

3. Тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес айқындалады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАГЫ

ТАҢЫСУ ПАРАФЫ